

"Инвестициялық салымдар кезінде агроОнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 тамыздағы № 243 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 тамызда № 21050 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Инвестициялық салымдар кезінде агроОнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:";**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроОнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржы құралдары және микрокредит беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық реңми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Қағидалардың 10-тармағы екінші абзацы 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Қағидалардың 10-тармағы үшінші абзацы, 6-тaraуы 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

C. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму,

инновациялар және аэроғарыш

өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2020 жылғы 1 тамыздағы  
№ 243 Бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
міндеттін атқарушының  
2018 жылғы 23 шілдедегі  
№ 317 бұйрығымен  
бекітілген

**Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Инвестициялық салымдар кезінде агроенеркесіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Агроенеркесіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және инвестициялық салымдар кезінде агроенеркесіптік кешен (бұдан әрі - АӨК) субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялаудың негізгі мақсаты капиталды көп қажет етуді төмендету және салынған инвестициялардың өзін-өзі ақтауын арттыру жолымен АӨК-нің басым бағыттарында (секторларында) инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен айқындалар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға ;

2) ақпараттық жүйенің веб-порталы (бұдан әрі - веб-портал) - Интернет желісінде орналастырылған, субсидиялау жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

3) АӨК-дегі инвестициялық жоба (бұдан әрі - инвестициялық жоба) - жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге (оның ішінде жаңғыртуға), жобалар паспорттарына сәйкес техника, машиналар мен жабдықтар сатып алуға инвестициялар салуды көздейтін іс-шаралар кешені;

4) АӨК-дегі инвестор (бұдан әрі - инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық салымдарды жүзеге асыратын АӨК субъектісі;

5) арнайы шот - осы Қағидалардың 5-тарауының шарттарына сәйкес инвестиациялық субсидиялардың сомалары аударылатын қаржы институтының екінші деңгейдегі банктегі шоты;

6) бос бюджет - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджетінде тиісті қаржылық жылға көзделген, инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) өтінім берген сәтке міндеттемелерден бос бюджеттік қаражаттар;

7) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - әкімші) - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

8) жеке шот - тізілімде қамтылған, субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген адамды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

9) жобаның паспорты - осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген инвестиациялық субсидиялауға жататын жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге (оның ішінде жаңғыртуға), техника, машиналар, жабдықтар және басқа негізгі құралдарды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған инвестиациялық салымдар тізбесі және оларды өтеу үлесі;

10) жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылықтарды кеңейту - жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылықтарды жетіспейтін немесе қажетті жабдықпен (техникамен және машиналармен) жарактандыруды немесе өндірістік қуаттылықтарды ұлғайтууды және өндіріс көлемін ұлғайтуға және (немесе) өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және (немесе) өндірілетін өнімнің сапасын арттыруға, оның орамасын өзгертуге және (немесе) ассортиментін кеңейтуге бағытталған өзге де іс-қимылдарды көздейтін іс-шаралар, сондай-ақ, мақсаты нарықта жаңа тауарлық тауашаға орнығу, өткізу нарықтарын кеңейту және басқалар болып табылатын іс-шаралар;

11) инвестиациялық салымдар - жаңа өндірістік қуаттарды құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған шығындар;

12) инвестиациялық субсидиялау - инвестиациялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;

13) инвестиациялық субсидиялау мәселелері жөніндегі жұмыс органы (бұдан әрі - жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші)) - инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімдерін қарастыруға және инвестиациялық субсидияларды беруде төлеу/бас тарту туралы шешім қабылдауға өкілетті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті атқарушы органы;

14) инвестициялық субсидиялау шарты - жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) мен инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) арасында жасалатын, инвестициялық субсидиялар қаражатын аударудың тәртібі мен шарттарын, мониторинг барысын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейтін келісім;

15) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші - субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжеткізуді және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін, мемлекеттік сатып алу туралы заннамаға сәйкес жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) айқындайтын адам;

16) қаржы институттары - екінші деңгейдегі банктер, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар микроқаржылық ұйымдар, кредиттік ұйымдар, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер;

17) өндірістік кешен - ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, өндеуге, сақтауға, буып-түюге бағытталған өзара байланысты өндірістік қуаттылықтар (ғимараттар, құрылышжайлар, монтаждалатын жабдық, инженерлік желілер) жиынтығы;

18) өтінім - осы Қағидаларға 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) инвестициялық салымдар кезінде инвестициялық субсидиялар алуына арналған электрондық/қағаз түріндегі өтінімі;

19) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі - субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтерді көрсетуге арналған, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты тексеру арқылы оны өндеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персонал мен техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

20) субсидиялауга арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі - тізілім) - агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауга арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

21) өтінімдерді мониторингтеу тізілімі (бұдан әрі - мониторингтеу тізілімі) - инвестициялық субсидиялауга арналған өтінімдер, инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) туралы, сондай-ақ қаражатқа қажеттілікті анықтау үшін субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрініс табатын өзге де мәліметтер;

22) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жинағы.

23) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын, мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын негізгі талаптар тізбесі;

24) ауыл шаруашылығы машинасы (бұдан әрі - машина) - технологиялық процестерді орындау уақытында тірек бетіне қатысты базалық және корпустық элементтердің қозғалыштығы тән, ауыл шаруашылығы жұмыстарын (егіншілікте және мал шаруашылығында) механикаландыруға арналған өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы, тіркемелі және аспалы құралдар;

25) ауыл шаруашылығы жабдығы (бұдан әрі - жабдық) - ауыл шаруашылығы жұмыстарын механикаландыруға, электрлендіруге және автоматтандыруға арналған, пайдаланылу ерекшелігіне байланысты технологиялық процестерді орындау уақытында тірек бетіне қатысты конструкцияның базалық және корпустық элементтерінің қозғалмауы тән ауыл шаруашылығы техникасы;

26) ауыл шаруашылығы техникасы (бұдан әрі - техника) - жекелеген операцияларды немесе процестерді механикаландыру, электрлендіру және автоматтандыру жолымен ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыруға арналған техникалық құралдардың кең спектрі.

3. Құрылым-монтаждау жұмыстарына арналған шығындарды субсидиялау жобаның бизнес-жоспарына сәйкес өндіргіштігі және/немесе өнімділігі және/немесе өнімді өткізу көлемдері және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді көздейтін инвестициялық жобалар бойынша жүзеге асырылады.

4. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) жыл сайын тиісті жылғы 1 ақпанға дейін жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің), жергілікті атқарушы органдардың (оның ішінде аудандық/қалалық) қызметкерлері және қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын басқа да ұйымдардың қызметкерлері қатарынан мамандар тобын (бұдан әрі - мамандар тобы) құрады және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркейді.

Мамандар тобы № 1 жоба (жайылымдарға арналған қоршаулардан (электрлі шопан генераторы, төмендеткіш трансформатор, оқшаулағыштар, кемінде 2 қатар сым) басқа) паспортын қоспағанда, барлық жобалардың паспорттары бойынша жобалардың паспорттарында көзделген шарттарға сәйкестігіне құжаттарды тексеруді, инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) объектісін, сатып алынған жабдықты қарап-тексеруді міндетті түрде растайтын фото және бейнематериалдарды қоса отырып, жүзеге асырады, сондай-ақ өндірістік қуаттылықтар жүктемесіне қол жеткізуді тексереді, осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес инвестициялық субсидиялар есептемесін жүргізеді.

Әрбір объектіге жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) айқындастын кемінде 2 (екі) маман жіберіледі.

Қарап-тексеру инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) немесе оның сенім білдірген адамының қатысуымен жүзеге асырылады және оның нәтижесі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестордың объектісін

қарап-тексеру және өндірістік қуаттылықтардың жүктемелеріне қол жеткізілгеніне қуәлік ету актісімен (бұдан әрі - қарап-тексеру актісі) ресімделеді.

Егер, инвестициялық жобада техника сатып алу ғана көзделсе, онда мамандар тобының инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) объектісін қарап-тексеруі қажет етілмейді.

5. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау әрбір жоба паспорты бойынша әкімшімен келісілген және жұмыс органды белгілегендегі қаржыландыру лимиттері ескеріле отырып, тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

6. Жобалар паспорттары бойынша өтінімдер қабылдау үшін көзделген қаражат игерілмеген жағдайда, жұмыс органды (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті жылдың үшінші тоқсанынан бастап қаражатты АӨК саласындағы өнірлерді дамытудың басым бағыттары бойынша тиімді бөлінуіне қарай жобалар паспорттары арасында қайта бөлу туралы шешім қабылдайды.

7. Инвестициялық субсидиялар сомасы 500 (бес жұз) миллион және одан артық тендені құрайтын өтінімдер әкімшімен келісіледі.

8. Инвестициялық салымдар кезіндегі шығындарды өтеуді көздейтін шараларды қоспағанда, инвестициялық субсидиялау басқа мемлекеттік қолдау шараларымен қатар жүргізіледі.

Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайыздары мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шенберінде құрылған кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдарды инвестициялық субсидиялауға жол берілмейді.

9. Инвестициялық субсидиялар оларға қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері басталған, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсімдерін қоспағанда, "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтері тоқтатылған инвесторларға (көрсетілетін қызметті алушыларға) берілмейді.

## **2-тaraу. Инвестициялық субсидиялаудың негізгі шарттары**

10. Инвестициялық субсидиялау осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген жобалардың паспорттары бойынша жүзеге асырылады және инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша жүргізіледі.

№ 34 "Еріген қар суларын жинау үшін жасанды су айдынын (тоғанын) құру" жобасының паспорты бойынша инвестициялық субсидиялауға өтінімдер қабылдау

инвестициялық жоба іске асырылатын орын бойынша 2020 жылғы 15 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін жүзеге асырылады.

Дайын жобалар лизингі бойынша инвестициялық субсидиялауға өтінімдер қабылдау инвестициялық жоба іске асырылатын орын бойынша 2021 жылғы 15 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін жүзеге асырылады.

Субсидияларды беру процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияларды беру ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын субсидиялар алуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қафидаларға 7-қосымшага сәйкес "Инвестициялық салымдар кезінде агроенеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) жазылған.

11. Инвестициялық субсидия электрондық/қағаз түрінде өтінім берілген жылға дейін екі жылдан ерте емес пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша ұсынылады. Субсидиялауға:

1) инвестициялық жоба пайдалануға берілетін күнге дейін 24 (жиырма төрт) айдан ерте емес сатып алынған;

2) инвестициялық жоба пайдалануға берілетін күнге дейін 36 (отыз алты) айдан ерте емес шығарылған жаңа, бұрын пайдаланылмаған техника, машина және/немесе жабдық жатады.

12. Егер жобалардың паспорттары бойынша тек техника, машиналар және/немесе жабдықтар сатып алу болжанатын болса, онда өтінім берілетін жылға дейін 3 (үш) жылдан ерте емес сатып алынған техника, машиналар және (немесе) жабдықтар субсидиялауға жатады.

13. № 1 (ең тәменгі норматив болған кезде), № 4, № 6, № 34 жобалардың паспорттары үшін инвесторда (көрсетілетін қызметте алушыда) ірі қара малдың шартты бастарының тиісті мөлшері болуы қажет, ол субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.

Өтінім ауыл шаруашылығы кооперативінен берілген жағдайда, ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелерінде тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының жиынтық саны ескеріледі.

Жобалар паспорттарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының басын ірі қара малдың шартты басына ауыстыру коэффициенттері осы Қафидаларға 8-қосымшага сәйкес жүзеге асырылады.

14. Өтінім осы Қафидаларға 2-қосымшада көрсетілген жобалардың паспорттарына, сондай-ақ осы Қафидалардың талаптарына сәйкес болған жағдайда инвестициялық субсидиялау жүзеге асырылады.

15. Сатып алған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді электрондық шот-фактуралармен растау электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. 2020 жылғы 1 қантарға дейін жүзеге асырылған шығыстар қағаз түріндегі шот-фактуралармен расталады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі) техниканы және/немесе жабдықты электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік өндірушіден тікелей сатып алған кезде, сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендей декларациямен (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын үшінші елдерден) немесе "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 456-бабының 2-тармағына сәйкес тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан) расталады.

16. Инвестициялық субсидиялар осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жаңа өндірістік қуаттылықтар пайдалануға берілгеннен және/немесе жұмыс істеп түрғандары кеңейтілгеннен және/немесе дайын жобалар лизингі бойынша қабылдағаннан-табысталғаннан және/немесе техника, машиналар мен жабдықтар сатып алғаннан кейін төленеді. Инвестициялық жобаны кезегін немесе қосу кешенін пайдалануға беру жолымен іске асырған жағдайда кезегі немесе қосу кешені субсидияланады.

17. Инвестициялық субсидияларды есептеу іс жүзінде салынған инвестициялар бойынша жүзеге асырылады. Шығындарды өтеу пайзы (бұдан әрі - %) жобалар паспорттарында көзделген өтеу үлесіне сәйкес белгіленеді. Өтеу үлесі осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзгертуге жатпайды.

№ 7, № 8 (сүт өндеу зауыты бойынша), № 10, № 19, № 25, № 26, № 27, № 28, № 29, № 30 жобалардың паспорттары бойынша инвестициялық субсидиялар жаңа өндірістік қуаттылықтар құрылған кезде мынадай екі траншпен:

1) бірінші транш объекті пайдалануға берілгеннен кейін инвестициялық субсидиялардың жалпы сомасының 50 (елу) %-ы мөлшерінде;

2) екінші транш бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде өнім өндіру көлемі жалпы өндірістік қуаттың кемінде 30 (отыз) %-ына жеткеннен кейін инвестициялық субсидиялардың жалпы сомасының 50 (елу) %-ы мөлшерінде төленеді.

Өтінім берілген сәтте инвестициялық жоба өнім өндіру көлемін жалпы өндірістік қуаттың 30 (отыз) %-ына және одан да көп бөлігіне қол жеткізген жағдайда, инвестициялық субсидиялар бір траншпен төленеді.

18. Инвестициялық салымдарды өтеу үлесін жергілікті бюджет есебінен мынадай жобалардың паспорттары бойынша ұлғайтуға болады:

35 (отыз бес) %-ға дейін:

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты бойынша - негізdemесін көрсете отырып, облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларында көзделген техниканың, машиналар мен жабдықтардың басым түрлері бойынша;

40 (қырық) %-ға дейін:

№ 6 "Сұтті бағыттағы ірі қара мал/ешкі өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту" жобасының паспорты бойынша;

50 (елу) %-ға дейін:

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты бойынша № 3.1. 3.2; 4.1,4.2; 50.2.2-позициялар бойынша;

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін 1.1-1.3; 2.1-2.2; 13; 17.1; 17.3; 18; 25-30; 31.1; 32; 34.1; 35-37; 40-45; 48.1.1-48.1.2; 48.2.1-48.2.2; 49; 50.1.1-50.1.2; 51; 54; 55; 59-позициялар бойынша;

№ 8 "Сұт өндеде объектісін құру және кеңейту, сұт қабылдау пункттерін құру, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындау үйимдары, сұт қабылдау пункттері және сұт өндеде кәсіпорындары үшін жабдықтар мен техника сатып алу" жобасының паспорты бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін.

Бұл ретте, бір ауыл шаруашылығы кооперативі сатып алғынған (сатып алынатын) техникаға, машина мен жабдыққа:

тиісті мөлшерде тіркемелі және аспалы жабдықтары бар үш тракторға;

екі астық жинау комбайнына және тиісті мөлшерде аспалы және тіркемелі жабдыққа;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жүктөрді тасымалдауға арналған екі автомобильге және өзі аударғыш тіркемеге дейін инвестициялық субсидиялар ала алады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін техниканың бір бірлігіне (гектар/ірі қара малдың шартты басы) арналған ең төменгі норматив жөніндегі талап қолданылмайды.

19. Инвестициялық субсидиялардың мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

A = B x V, мұнда:

A - инвестициялық субсидиялардың сомасы;

B - іс жүзіндегі инвестициялық салымдар сомасы немесе жобалардың паспорттарында көрсетілген субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құн (егер іс жүзіндегі инвестиациялық салымдар субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құннан асса);

V - жобалардың паспорттарында көрсетілген пайыздық мәндегі инвестиациялық салымдарды өтеу үлесі.

Өлшем бірлігіне субсидиялауды көздейтін жобалардың паспорттары бойынша субсидиялардың мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

A = (B x V) x Г, мұнда:

A - инвестициялық субсидиялардың сомасы;

Б - іс жүзіндегі инвестициялық салымдар сомасы немесе жобалардың паспорттарында көрсетілген субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құн (егер іс жүзіндегі инвестициялық салымдар субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құннан асса);

В - жобалардың паспорттарында көрсетілген пайыздық мәндегі инвестициялық салымдарды өтеу үлесі;

Г - жобалардың паспорттарында көрсетілген өлшем бірлігі.

Қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) бойынша тіркеу есебінде тұрған АӨК субъектілері үшін субсидиялар сомасын есептеу есепке жатқызылған ҚҚС сомасына азайтылған инвестициялық салымдар сомасына сүйене отырып жүргізіледі.

20. Өтінімдерді қабылдау тиісті жылы инвестициялық субсидиялауға арналған міндеттемелерден бос қаражат (бұдан әрі - Бос бюджет) бар болғанда, инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 15 желтоқсанына (қоса алғанда) дейін жүзеге асырылады.

№ 4 "Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету (құдықтар, ұнғымалар)" және № 11 "Суару жүйелерін және тамшылатып суаруды құру және кеңейту" жобаларының паспорттары бойынша өтінімдерді қабылдау Бос бюджет бар болғанда, инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша тиісті жылдың 1 мамырынан бастап 1 қазанына (қоса алғанда) дейін жүзеге асырылады.

Бос бюджет болмаған жағдайда, инвестициялық субсидиялауға арналған өтінімдер мониторингтеу тізіліміне қосылады.

21. Пайдалануға берілмеген инвестициялық жобалар бойынша инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) өз қалауымен өтінімді екі кезеңмен бере алады. Бірінші кезеңде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды. Екінші кезеңде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық субсидияларды төлеу/төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

22. Пайдалануға беріліп қойған инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ нақты сатып алынған техника, машиналар мен жабдықтар бойынша өтінімдер екі кезеңді рәсімдерді қолданбай қаралады.

23. Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) өз қаражатын пайдаланған жағдайда, инвестициялық субсидиялар сомасын жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) есептік шотына аударады.

Техниканы, машиналарды, жабдықтарды және басқа да объектілерді кредитке/лизингке сатып алу кезінде инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) келісімі бойынша инвестициялық субсидиялар қаржы институтына инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) негізгі борышын өтеу есебіне не инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) есептік шотына аударылады.

Инвестициялық субсидиялар алатын АӨК субъектілері үшін қарсы міндеттеме ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестиациялар және тамақ өнімдерін өндіру бойынша 2020 жылдан бастап статистикалық есептілік ұсыну болады.

### **3-тaraу. Инвестициялық субсидиялауға электрондық түрінде өтінім қабылдау және қарастыру тәртібі**

24. Инвестициялық субсидиялауға өтінім беру "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеледі.

"Электрондық үкімет" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Инвесторда (көрсетілетін қызметті алушыда) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының бар екендігі субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.

25. Бірінші кезең бойынша жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) шешімін алу үшін инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы инвестициялық субсидиялауға арналған бірінші кезеңін электрондық өтінімін береді, оған инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-сы қойылып, өтінімде көрсетілген қажетті құжаттар "PDF (Portable Document Format)" форматында (инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) қол қойған және мөрімен (бар болса) растаған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) қоса беріледі.

Бұл ретте, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) өтінім тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде инвестициялық жобаның осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

Инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) осы Қағидаларға 9-қосымшага сәйкес инвестициялық жобаның сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешімі туралы және жұмыс

органының (көрсетілетін қызметті берушінің) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жоба паспорты бойынша инвестициялық субсидияларды төлеу/төлеуден бас тарту туралы шешімі туралы хабарлама жолданады.

Хабарлама инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде көрсеткен электрондық пошта мекенжайына, сондай-ақ субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі "жеке кабинетіне" жолданады.

Жұмыс органды (көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеудің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

26. Екінші кезеңде (жұмыстар аяқталғаннан кейін) инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) қол қойған және мөрімен (бар болса) растаған қағаз нұсқаның сканерлеген көшірмесі) мынадай растау, құқық белгілеу және/немесе тіркеу құжаттарын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялауға арналған екінші кезең өтінімін береді:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15141 болып тіркелген) бекітілген объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысанына (бұдан әрі - объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысаны) сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес инвестиациялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) немесе инвестиациялық жобаның іске қосу кешенін немесе кезегін пайдалануға беру актісінің (оны Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген жағдайлар бойынша) көшірмелері;

2) сатып алушы мен жеткізуші арасындағы жабдықтарды пайдалануға беру актісінің көшірмесі (жабдықтар сатып алу кезінде);

3) жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестиациялық салымдарды растайтын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу-сату шарттарының, электрондық және/немесе қағаз түріндегі шот-фактуралардың, төленген төлемді растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) Сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңының 60-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттама көшірмесі (олар бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша);

5) ауыл шаруашылығы техникасын, арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды қабылдан алу-беру актілерінің көшірмелері;

6) қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар жүзеге асырылған жағдайда, қаржы институты растаған кредиттік/лизингтік шарттар көшірмелері;

7) инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидалардың 17-тармағының 2) тармақшасына сәйкес екінші траншты алуға өтінім берген жағдайда, "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі) растайтын құжаттарды (бизнес-жоспар, дайын өнімді өткізу бойынша электрондық шот-фактуралар) қоса тіркейді. Бизнес-жоспарда мәлімделген өндірілген өнім көлемін растау үшін мамандар тобы, дара кәсіпкерлерді қоспағанда, осы тармақшада көрсетілген құжаттардың негізінде, сондай-ақ екінші кезеңде инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) өтінім берген сәтінің алдындағы тоқсан үшін инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) "Өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 15 қарашадағы № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16060 болып тіркелген) бекітілген "Кәсіпорының өнім (тауар, қызмет) өндіру туралы есебі" (коды 151103128, индексі 1-П, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына (бұдан әрі - өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысаны мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар) сәйкес дайындалатын өндірілген өнім көлемі кемінде 30 (отыз) %-га жеткені туралы қарап-тексеру актісін жасайды;

8) ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі (ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрған АӨК субъектілері үшін);

9) "Инвестициялар және құрылым статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 16 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19994 болып тіркелген) бекітілген "Негізгі капиталға инвестициялар туралы есеп" (индексі 1-инвест, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанының (бұдан әрі - инвестициялар және құрылым статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысаны және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар) көшірмесі.

27. Инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) техника және/немесе автомобильдер сатып алғанын субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ауыл

шаруашылығы техникасының мемлекеттік тізілімімен және/немесе "Автомобиль" дереккорымен ақпараттық өзара іс-қимылды арқылы растау жүзеге асырылады.

28. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) өтінімін тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ЭЦК-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Аталған хабарлама инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) жеке кабинетінде қолжетімді болады.

29. Өтінімге қоса берілген құжаттар не онда қамтылған қажетті мәліметтер толық емес болған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) 1 (бір) жұмыс күні ішінде негіздерді егжей-тегжейлі сипаттай отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

30. Өтінім екінші кезеңде берілген және тіркелген кезде өтінім жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) "жеке кабинетіне" немесе мамандар тобына келіп түседі.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестордан (көрсетілетін қызметті алушыдан) өтінім түскенде 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес жұмыстар жүргізеді.

Өтінімді мониторингтеу тізіліміне қосу туралы ақпарат субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрініс табады.

31. Субсидия беруден бас тарту мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Инвестициялық субсидияларды беруден бас тарту туралы шешімді жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде 1 (бір) жұмыс күні ішінде мамандар тобының қарап-тексеру актісінің негізінде немесе инвестициялық жобаның және/немесе ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған кезде қабылдайды.

32. Өтінімді қарастырудың нәтижелері туралы мәліметтер инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) жеке кабинетіне жолданады және веб-порталда көрініс табады.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) оң шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) мен инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) арасында осы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде ЭЦК қойылған электрондық нысанда жасалған осы Қағидаларға 11-қосымшага сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялау шартына және осы Қағидаларға 12-қосымшага сәйкес нысан бойынша сатып алынатын техниканы, машиналар мен жабдықтарды мақсатты пайдалану және иеліктен шығармау туралы шартқа қол қойылады.

Субсидияларды беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізуіні тұындаған жағдай туралы деру хабардар етеді және оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметтерді жеткізуі тұындаған ақауды жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама толтырады және оған жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) қол қояды.

#### **4-тaraу. Инвестициялық субсидиялауға қағаз түрінде өтінім қабылдау және қарастыру тәртібі**

33. Өтінімді қағаз түрінде беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

34. Бірінші кезең бойынша жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) шешімін алу үшін инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялауға арналған бірінші кезеңнің өтінімін береді.

Бұл ретте, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық жобаның осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешімді өтінім келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Өтінімді мониторингтеу тізіліміне қосу туралы ақпарат субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрініс табады.

35. Екінші кезеңде (жұмыстар аяқталғаннан кейін) инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялауға арналған екінші кезеңнің өтінімін береді:

1) объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысаны бойынша, сондай-ақ Сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңының 73-бабы 2-тармағына сәйкес инвестициялық жоба объектін пайдалануға қабылдау актісінің (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде), дайын жобалар лизингі бойынша қабылдау-тапсыру актісінің (егер, құрделі құрылыш болмаса) немесе инвестициялық жобаның іске қосу кешенін немесе кезегін пайдалануға беру актісінің (оны Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген жағдайлар бойынша) көшірмелері;

2) сатып алушы мен жеткізуі арасындағы жабдықтарды пайдалануға беру актісінің, дайын жобалар лизингі бойынша қабылдау-тапсыру актісінің көшірмелері (жабдықтар сатып алу кезінде);

3) жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу-сату шарттарының, қағаз шот-фактуралардың, ақы төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) Сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңын 60-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттаманың (жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша), дайын жобалар лизингі бойынша бизнес-жоспардың (жобалау-сметалық құжаттама көзделмеген жағдайда) көшірмелері;

5) ауыл шаруашылығы техникасын, арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды қабылдан алу-беру актілерінің көшірмелері;

6) қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар жүзеге асырылған жағдайда, қаржы институты растаған кредиттік/лизингтік шарттар көшірмелері;

7) инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес екінші траншты алуға өтінім берген жағдайда, растайтын құжаттарды (бизнес-жоспар, дайын өнімді өткізу бойынша қағаз түріндегі шот-фактурашар) қоса береді. Бизнес-жоспарда мәлімделген өндірілген өнім көлемін растау үшін мамандар тобы, дара кәсіпкерлерді қоспағанда, осы тармақшада көрсетілген құжаттардың, сондай-ақ екінші кезеңде инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) өтінім берген сәтінің алдындағы тоқсан үшін инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) инвестициялар және құрылыш статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысанының негізінде дайындалатын өндірістік өндірілген өнім көлемі кемінде 30 (отыз) %-ға жеткені туралы тексеру актісін жасайды;

8) ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі (ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрған АӨК субъектілері үшін);

9) инвестициялар және құрылыш статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысанының және оларды толтыру жөніндегі инструкциялардың көшірмелері.

Инвестор (мемлекеттік қызметті алушы) жоғарыда аталған құжаттардың тұпнұсқаларын Мемлекеттік корпорацияға ұсынылған көшірмелерді салыстыру үшін ұсынады.

36. Мемлекеттік корпорация инвестордан (көрсетілетін қызметті алушыдан) келіп түскен өтінімдерді 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жұмыс органдына (көрсетілетін қызметті берушіге) береді. Жұмыс органды (көрсетілетін қызметті беруші) келіп түскен өтінімдерді 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жобалар паспорттары бойынша өтінімдерді тіркеу журналына тіркейді. Журналдар нөмірленеді, тігіледі және жұмыс органдының (көрсетілетін қызметті берушінің) мөрімен бекемделеді.

Жұмыс органды (көрсетілетін қызметті беруші) 10 (он) жұмыс күні ішінде инвесторлар (көрсетілетін қызметті алушылар) ұсынған құжаттарды тексереді, олардың осы Қағидаларға сәйкестігін қарайды, субсидиялар есептемелерін жүргізеді, осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген жағдайларда инвестордың (көрсетілетін

қызметті алушының) обьектісін қарап-тексеру үшін жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші), басқа да ұйымдар мамандарының шығуын ұйымдастырады және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның инвестициялық субсидиялауға сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы өзінің шешімін (бұдан әрі - шешім) шығарады.

Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) мөрімен бекемделген шешім кейінен инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) беру үшін қол қойылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күн ішінде Мемлекеттік корпорацияға жолданады.

